



**«География» пәні бойынша
Педагогтердің білімін бағалауға арналған тест спецификациясы
(2023 жылдан бастап қолдану үшін)**

- 1. Мақсаты:** Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді аттестаттау барысында Педагогтердің білімін бағалау тест тапсырмаларын әзірлеу мақсатында құрастырылған.
- 2. Міндеті:** Педагогтердің білім деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 3. Мазмұны:** «География» пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкес оқу материалдары енгізілген.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Оқыту мақсаттары
01	Географиялық зерттеу әдістері	01	Географиялық зерттеу объектілері. География ғылымының дамуы. Географиялық деректер көздері. Географиялық тәжірибелер. Жалпы географиялық әдістер. Өзекті географиялық зерттеу әдістері	географияны зерттеу нысандарын анықтау; саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесін сипаттап, баға беру; далалық, картографиялық, теориялық географиялық зерттеу әдістерінің мәнін түсіндіріп, қолдану; географиялық ақпарат көздерімен жұмыс істеу: карталар, суреттер, мәтіндер, фотосуреттер, графикалық материалдар; географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктерін анықтау; зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру әдістерін қолдану; зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану;
02	Географиялық карталар. Географиялық деректер базасы	02	Географиялық карталар. Географиялық номенклатура	маңызды Қазақстандық географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету барысында сипаттау; статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограммалар мен картодиаграммаларды жасау; географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсету; Қазақстанның географиялық номенклатура нысандарын картадан

				көрсету
		03	<p>Географиялық деректерді ұйымдастыру. Географиялық деректер базасын құрастыруда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың рөлі</p>	<p>географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсету; ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, географиялық деректер базасын құрастыру; геоақпараттық әдістер мен геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) технологияларының ерекшеліктерін, басқа ғылымдар мен өндіріс салаларымен байланыстарын түсіндіру;</p>
		04	<p>Жерді қашықтықтан зерделеу әдістері. Геоақпараттық жүйелер технологияларын қолдану аясы</p>	<p>жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін сипаттау, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіру; шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпараттық технологияларын қолданудың маңыздылығын сипаттау;</p>
03	Физикалық география	05	<p>Литосфера. Литосфераның тектоникалық қозғалыстары. Литосфералық катаклизмдер</p>	<p>литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтау; жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсету және сипаттау; жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықтарын зерттеу; қазақ оронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіру және транслитерациясын үш тілде ұсыну; жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдау: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг; дүние жүзінде және Қазақстанда литосфералық катаклизмдердің себеп-салдарын, таралуын түсіндіру; Қазақстандық компонент негізінде литосфералық катаклизмдер барысында өзін-өзі ұстау ережелерін түсіндіру; тау жыныстары мен минералдарды түрлі белгілері бойынша жіктеу; тау жыныстары мен минералдардың қалыптасу заңдылықтарына байланысты пайдалы қазбалардың таралуына талдау жасау; тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтау; тау жыныстарының жасын анықтау әдістерін түсіндіру; геологиялық жыл санау мен геохронологиялық кестені талдап, жер қыртысының және тіршіліктің дамуындағы ірі</p>

				<p>кезендері мен геологиялық оқиғаларды ажырату; жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде жер бедерінің адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға беру; Қазақстанның жер бедерінің геологиялық тарихын және тектоникалық құрылымын анықтау; Қазақстанның минералды ресурстарының таралу заңдылықтарын анықтау; Қазақстанның минералды ресурстарын өндіру және өңдеудің басты орталықтарын картадан көрсетіп, сипаттау; Қазақстанның минералды ресурстарына баға беру; минералды ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды топтастыру</p>
		06	<p>Атмосфера және оның құрамдас бөліктері. Ауа райы және метеорологиялық элементтер. Қолайсыз атмосфералық құбылыстар</p>	<p>атмосфераның құрамын сипаттау, атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп, түсіндіру; «Ауа райы» ұғымын түсіндіреді метеорологиялық элементтер мен құбылыстарды сипаттау; зерттеу маңыздылығын анықтайды; метеорологиялық элементтердің көрсеткіштерін өлшеп, метеорологиялық құрал-жабдықтарды қолданумен тіркеу; атмосфераның ғаламдық циркуляциясын талдап, түсіндіру; климаттық белдеулерді талдау; жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсыну, климат қалыптастырушы факторларды талдау; әр материкте орналасқан ұқсас климаттық белдеулерді салыстыру; жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде климаттың адамзат тіршілігі мен шаруашылығына тигізетін әсеріне баға беру; адамзат әрекетінің атмосфера мен климатқа тигізетін кері әсерін топтастыру, шешу жолдарын ұсыну; Қазақстан климатын қалыптастырушы факторларды талдау; Қазақстанның</p>

			климаттық жағдайын талдау; Қазақстанның климаттық ресурстарын бағалау; Қазақстанда атмосфералық қолайсыз және қауіпті құбылыстардың қалыптасуын, таралу аумақтарын картада көрсету
	07	Гидросфера және оның құрамдас бөлігі. Су ресурстарының маңыздылығы. Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы. Дүниежүзілік мұхит суларының қасиеттері.	гидросфера және оның құрамдас бөліктерін сипаттау; су ресурстарының маңыздылығын түсіндіру; өзен аңғарының құрылысын түсіндіру; Қазақстанның ішкі суларын топтастыру; көрсеткіштерін талдайды және сипаттау (өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң, жерасты сулары); дүниежүзілік мұхиттың құрамын, географиялық жағдайын сипаттау; мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттау; мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтау; мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіру; мұхиттар және теңіздермен байланысты апаттарды топтастыру, дүние жүзінің және Қазақстанның көлдері мен мұздықтарын жоспар бойынша сипаттау
	08	Биосфера және оның құрамдас бөліктері. Туған өлкенің флорасы мен фаунасы. Қазақстанның топырақ түрлері. Топырақтың экологиялық проблемалары. Табиғи-аумақтық кешендерді қалыптастыру	биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтау; өлкеге тән өсімдіктер мен жануарларды анықтау және «Қызыл кітапқа» енген түрлерін атау; Қазақстанда топырақ түрлерінің таралуын анықтау; жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарына баға беру; топырақтардың экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсыну; географиялық қабық, мұхиттар және материктер, зоналар және белдеулер, ландшафтар табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіру; табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіру; әр материкте орналасқан ұқсас табиғат зоналар мен биіктік белдеулерді салыстыру; мұхиттағы

				тіршілік дүниесінің таралуын анықтау; Қазақстанның табиғат зоналары мен биіктік белдеулеріне салыстырмалы талдау жасау; қорықтар, қорықшалар, ұлттық саябақтар ерекше қорғалатын аумақтардың құрылу мақсатын түсіндіру; Қазақстанның табиғи мұрасына баға беру
04	Әлеуметтік география	09	Халық географиясы	дүниежүзі халықтарының этнолингвистикалық жіктелінуін түсіндіру; дүние жүзі халқының діни құрамы мен діндердің таралу аймақтарын анықтау; халықтың этникалық және діни құрамына байланысты дүниежүзінің тарихи-мәдени өркениеттік аймақтарының қалыптасуын түсіндіру; қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ұлтаралық және дінаралық келісімнің қажеттілігін дәлелдеу және қалыптастыру жолдарын ұсыну; халық санын анықтау әдістерін түсіндіру; дүниежүзі елдерін халықтың ұдайы өсу түрі бойынша жіктеу; елдердің демографиялық жағдайын талдап, басты демографиялық көрсеткіштерін есептейді: халық саны, туу және өлім коэффициенттері, табиғи және механикалық өсім, жалпы өсім, жас-жыныстық көрсеткіштер, ұлттық және діни құрам; елдердің демографиялық көрсеткіштерін графикалық түрде ұсынып, түсіндіру; дүниежүзі елдерін демографиялық проблемалары бойынша жіктеу; «демографиялық саясат» ұғымын түсіндіре отырып дүниежүзінің жекелеген елдеріне қатысты демографиялық саясатын өзіндік моделін ұсыну; Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамын анықтау; дүниежүзі халқы миграцияларының басты бағыттарын, себеп-салдарын түсіндіру; Қазақстандағы көші-қон үдерістерді талдап, басты бағыттарын анықтау; көші-қон саясатының өзіндік үлгісін ұсыну; қазақстандық көрсеткіштерді басқа

				<p>елдердің көрсеткіштері мен салыстыру негізінде еңбек ресурстарының сандық, сапалық құрамына баға беру; Қазақстанның демографиялық жағдайын талдап, демографиялық саясаттың өзіндік моделін ұсынады; Қазақстандағы елді мекендерді жіктеу; елді мекендердің түрлері мен функционалды зоналарын сипаттау; Қазақстандағы ойконимдерді жіктеп, мағынасын түсіндіру және транслитерация сын үш тілде ұсыну; Қазақстанның елді мекендері проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсыну; урбандалу үдерісінің себеп-салдарын түсіндіру арқылы байланысты проблемалардың шешу жолдарын ұсыну; Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру</p>
05	Экономикалық география	10	<p>Табиғи ресурстар. Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Көлік инфрақұрылымы. Әлеуметтік инфрақұрылым</p>	<p>табиғи ресурстарды жіктеу; жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдау; табиғи ресурстардың шоғырлануын картада көрсету; жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемаларды талдап, шешу жолдарын ұсыну; табиғи ресурстарды экономикалық және экологиялық тұрғыдан бағалайды; дүниежүзінің жекелеген аймақтарының табиғи ресурстық әлеуетін бағалайды; қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде жекелеген табиғат ресурстарын өңдеу технологиясын сипаттай отырып, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атау; Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуетін бағалау; Қазақстанда жекелеген табиғи ресурстарды өңдеу технологиясын сипаттап, орталықтары мен дайын өнім түрлерін атау; табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлерін топтастыру; тұрақты дамудың белгілері мен бағыттарын сипаттау; Қазақстанда</p>

				табиғатты пайдалану проблемаларын анықтап, шешу жолдарын ұсыну; жергілікті компонент негізінде; табиғатты пайдалануға байланысты зерттеу жүргізу; Қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылымының элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға беру; Қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде адам әлеуетінің даму индексі көрсеткіштерін анықтап, елдерді салыстыру;
		11	Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп	ауыл шаруашылық, өнеркәсіп шаруашылық салаларын жіктеу арқылы маңыздылығын түсіндіру; Қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторларын талдау; Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салаларын анықтау, мамандануын түсіндіру; дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктеу; Қазақстан аймақтарын шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстырып талдау
		12	Дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілері. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі. Халықаралық экономикалық қатынастар түрлері	дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілерін сипаттау; халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттау; халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтау; халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттау
06	Картография және геоинформатика	13	Картография. Геоинформатика негіздері	тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеулер әдістерін қолдану, қашықтықтан зерделеу әдістерінің ерекшеліктерін түсіндіру; геоақпараттық әдістер мен геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) технологияларының ерекшеліктерін, басқа ғылымдар мен өндіріс салаларымен байланыстарын түсіндіру

07	Табиғатты пайдалану және геоэкология	14	Табиғатты пайдалану	табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтау; табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтап, баға беру (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде); табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайтудың жолдарын ұсыну (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде); тиімді табиғатты пайдаланудың қағидаттарын анықтау
		15	Геоэкологиялық зерттеулер негіздері	геоэкологиялық зерттеулердің мәнін, мазмұнын және бағыттарын графикалық түрде ұсыну; геоэкологияның негізгі категорияларын түсіндіру; геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын түсіндіру; дүниежүзі аумағын ластану және табиғи ортаның бұзылу деңгейі бойынша аудандастыру; табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды топтастыру; табиғатқа әсер ететін антропогендік факторлардың азайту жолдарын ұсыну; ғаламдық экологиялық проблемалардың пайда болу механизмін түсіндіру; геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтау; Қазақстан аумағын экологиялық тұрғыдан аудандастыру
08	Геоэкономика	16	Геоэкономика негіздері	геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттерін түсіндіру; геоэкономиканың негізгі категорияларын түсіндіру; геоэкономика мен экономикалық география арасындағы айырмашылықтарды анықтау; дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстыру; Қазақстан аймақтарының экономикалық дамуын теңестіру жөнінде идеяларды ұсыну; Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуетін анықтау

09	Геосаясат	17	Геосаясат негіздері: Геосаясаттың өзектілігі	геосаясаттың мақсаты мен міндеттерін, зерттеу пәнін түсіндіру; геосаясаттың негізгі категорияларын түсіндіру; негізгі геосаяси объектілер мен субъектілерді анықтау; Қазақстанның геосаяси жағдайына кешенді баға беру
10	Елтану	18	Дүниежүзі елдері	саяси картаның сандық және сапалық өзгерістерін талдау; дүниежүзін аймақтарға аудандастыру қажеттілігін аргументтер келтіріп түсіндіру; елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастыру; елдердің саяси-географиялық жағдайына баға беру
11	Адамзаттың ғаламдық проблемалары	19	Ғаламдық проблемаларды шешу	адамзаттың дамуындағы проблемаларын топтастыру; ғаламдық проблемалардың критерийлерін анықтау; ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттеу; Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтау
Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б).				

4. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Зерттеу және зерттеушілер. Саяхатшылар мен зерттеушілердің география ғылымының дамуына қосқан үлесі; далалық, картографиялық, теориялық географиялық зерттеу әдістері; географиялық нысандар мен құбылыстарды номинациялау ерекшеліктері; зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру әдістері; зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістері.

Географиялық карталар. Географиялық деректер базасы. Маңызды қазақстандық географиялық нысандарды, үдерістер мен құбылыстарды карталардан көрсету барысында сипаттайды; Статистикалық деректерді талдау нәтижелері бойынша картограммалар мен картодиаграммаларды жасайды; Қашықтықтан зерделеу әдістерінің ерекшеліктерін түсіндіреді.

Географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді; Қазақстанның географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді. Географиялық нысандарды топтастырып кесте түрінде көрсетеді; Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдана отырып, географиялық деректер базасын құрастырады. Шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпараттық технологияларын қолданудың маңыздылығын сипаттайды; Геоақпараттық әдістер мен геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) технологияларының ерекшеліктерін, басқа ғылымдар мен өндіріс салаларымен байланыстарын түсіндіреді. Жерді қашықтықтан зерделеудің әдістерін сипаттап, маңыздылығы мен ерекшеліктерін түсіндіреді. Шаруашылық пен ғылым салаларында геоақпарат технологияларын қолдану маңыздылығын сипаттайды.

Физикалық география. Литосфера. Литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтайды; жердің тектоникалық құрылымы мен литосфералық плиталардың орналасуын картадан көрсетеді және сипаттайды. Жер бедерінің қалыптасу және таралу заңдылықта рын

зерттейді; Қазақ оронимдерін жіктеп, мағынасын түсіндіреді және транслитерациясын үш тілде ұсынады.

Литосфераның тектоникалық қозғалыстары. Литосфералық катаклизмдер. Жер қыртысының тектоникалық қозғалыстарын талдайды: дрейф, коллизия, субдукция, спрединг; Дүние жүзінде және Қазақстанда литосфералық катаклизмдердің себеп-салдарын, таралуын түсіндіреді; Қазақстандық компонент негізінде литосфералық катаклизмдер барысында өзін өзі ұстау ережелерін түсіндіреді.

Атмосфера. Атмосфера және оның құрамдас бөліктері. Ауа райы және метеорологиялық элементтер. Атмосфераның құрамын сипаттайды, атмосфераның құрылысы мен қабаттарының ерекшеліктерін графикалық түрде бейнелеп, түсіндіреді; «Ауа райы» ұғымын түсіндіреді метеорологиялық элементтер мен құбылыстарды сипаттап; зерттеу маңыздылығын анықтайды; Метеорологиялық элементтердің көрсеткіштерін өлшеп, метеорологиялық құрал-жабдықтарды қолданумен тіркейді; Атмосфераның ғаламдық циркуляциясын талдап, түсіндіреді; Климаттық белдеулерді талдайды.

Қолайсыз атмосфералық құбылыстар. Жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде қолайсыз атмосфералық құбылыстарды талдай отырып, сақтану шараларын ұсынады.

Гидросфера Гидросфера және оның құрамдас бөлігі. Су ресурстарының маңыздылығы. Гидросфера және оның құрамдас бөліктерін сипаттайды; Су ресурстарының маңыздылығын түсіндіреді; Өзен аңғарының құрылысын түсіндіреді; Қазақстанның ішкі суларын топтастырады; Көрсеткіштерін талдайды және сипаттайды (Өзендер мен көлдер, мұздықтар мен мәңгі тоң, жерасты сулары).

Дүниежүзілік мұхиттың географиялық жағдайы. Дүниежүзілік мұхит суларының қасиеттері. Дүниежүзілік мұхиттың құрамын, географиялық жағдайын сипаттайды; Мұхит және оның құрамдас бөліктерін жоспар бойынша сипаттайды; Мұхит суының қасиеттеріне әсер ететін факторларды анықтайды.

Биосфера Биосфера және оның құрамдас бөліктері. Туған өлкенің флорасы мен фаунасы. Қазақстанның топырақ түрлері. Биосфераның құрамын, құрылымын, шекаралары мен қасиеттерін анықтайды; Өлкеге тән өсімдіктер мен жануарларды анықтайды және «Қызыл кітапқа» енген түрлерін атайды; Табиғат зоналары мен биіктік белдеулерінің қалыптасуын түсіндіреді.

Топырақтың экологиялық проблемалары. Жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде топырақ ресурстарына баға береді; Топырақтардың экологиялық проблемаларын жіктеп, шешу жолдарын ұсынады.

Халық географиясы. Дүниежүзі халқының тілдік әулеттері мен топтары, дүниежүзі халқының діни құрамы, дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары, ұлтаралық және дінаралық келісім; халық санағы, дайы өсудің түрлері, демографиялық көрсеткіштер мен демографиялық жағдай, демографиялық проблемалар, демографиялық саясат; Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы, дүниежүзі халқының көші-қоны, Қазақстандағы халықтың көші-қоны, көші-қон саясаты, еңбек ресурстарының сандық және сапалық құрамы, Қазақстанның демографиялық жағдайы мен демографиялық саясаты, елді мекендердің жіктелуі, елді мекендердің функционалды зоналары, Қазақстандағы ойконимдер, Қазақстандағы елді мекендердің проблемалары, урбандалу үдерісі, Қазақстандағы урбандалу үдерісіне баға беру.

Экономикалық география. Табиғи-аумақтық кешендер. Географиялық қабық, мұхиттар және материктер, зоналар және белдеулер, ландшафтар табиғи-аумақтық кешендерінің қалыптасуын түсіндіреді.

Табиғи ресурстардың жіктелуі. Табиғи ресурстарды жіктейді; Жергілікті компонентті қосымша қамту негізінде табиғи ресурстардың таралу заңдылықтарын талдайды; Табиғи ресурстардың шоғырлануын картада көрсетеді; Дүниежүзінің жекелеген аймақтарының табиғи ресурстық әлеуетін бағалайды; Табиғатты пайдалану үлгілері мен түрлерін топтастырады.

Әлеуметтік-экономикалық ресурстар. Көлік инфрақұрылымы. Қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде көлік инфрақұрылымының элементтерін сипаттап, маңыздылығына баға береді.

Әлеуметтік инфрақұрылым. Қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде адам әлеуетінің даму индексі көрсеткіштерін анықтап, елдерді салыстырады.

Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы Дүниежүзілік шаруашылықтың салалары: ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіп. Ауыл шаруашылық, өнеркәсіп шаруашылық салаларын жіктеу арқылы маңыздылығын түсіндіреді; Қазақстандық компонентті қосымша қамту негізінде ауыл шаруашылық және өнеркәсіп өндірісін, қызмет саласын орналастыру факторларын талдайды; Қазақстанның экономикалық аудандарының шаруашылық салаларын анықтап, мамандануын түсіндіреді; Дүниежүзі елдерін экономикалық даму деңгейі бойынша жіктейді. Қазақстан аймақтарын шаруашылығының салалық және аумақтық құрылымы мен экономикалық даму көрсеткіштері бойынша салыстырып талдайды.

Дүниежүзілік шаруашылықтың даму үрдістері мен көрсеткіштері. Дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілері Дүниежүзілік шаруашылықтың субъектілерін сипаттайды; Халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттайды.

Халықаралық географиялық еңбек бөлінісі. Халықаралық экономикалық қатынастар түрлері. Халықаралық географиялық еңбек бөлінісінің мәнін анықтайды; Халықаралық экономикалық қатынас түрлерін жіктеп, сипаттайды.

Географиялық зерттеу әдістері. Жалпы географиялық әдістер. Зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық мониторинг әдістерін қолданады; Зерттеу тақырыбына сәйкес салыстыру әдістерін қолданады; Зерттеу тақырыбына сәйкес сандық әдістерді қолданады; Зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолданады; Зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолданады.

Өзекті географиялық зерттеу әдістері. Зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама әдістерін қолданады; Зерттеу тақырыбына сәйкес эксперттік бағалау әдістерін қолданады; Зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолданады; Зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолданады.

Картография және геоинформатика. Картография. Тақырыпқа сәйкес картографиялық зерттеулер әдістерін қолданады.

Геоинформатика негіздері. Қашықтықтан зерделеу әдістерінің ерекшеліктерін түсіндіреді; Геоақпараттық әдістер мен геоақпараттық жүйелер (ГАЗ) технологияларының ерекшеліктерін, басқа ғылымдар мен өндіріс салаларымен байланыстарын түсіндіреді.

Табиғатты пайдалану және геоэкология. Табиғатты пайдалану. Табиғатты пайдаланудың қажеттілігін түсіндіріп, түрлерін (шаруашылық тұрғысынан) анықтайды; Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін әсерін анықтап, баға береді (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде); Табиғатты пайдалану түрлерінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайтудың жолдарын ұсынады (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде); Тиімді табиғатты пайдаланудың қағидаттарын анықтайды.

Геоэкологиялық зерттеулер негіздері. Геоэкологияның негізгі категорияларын түсіндіреді; Геосфералардың ластану деңгейін анықтап, себеп-салдарын түсіндіреді; Дүниежүзі аумағын ластану және табиғи ортаның бұзылу деңгейі бойынша аудандастырады; Табиғатқа әсер ететін антропогендік факторларды топтастырады; Табиғатқа әсер ететін антропогендік факторлардың азайту жолдарын ұсынады; Галамдық экологиялық проблемалардың пайда болу механизмін түсіндіреді; Геоэкологиялық үдерістерде географиялық қабық заңдылықтарының рөлін анықтайды; Қазақстан аумағын экологиялық тұрғыдан аудандастырады.

Геоэкономика. Геоэкономика негіздері. Геоэкономика бағытының мақсаты мен міндеттерін түсіндіреді; Геоэкономиканың негізгі категорияларын түсіндіреді; Геоэкономика мен экономикалық география арасындағы айырмашылықтарды анықтайды; Дүниежүзі елдерінің экономикалық даму көрсеткіштерін салыстырады; Қазақстан аймақтарының экономикалық

дамуын теңестіру жөнінде идеяларды ұсынады; Қазақстан аймақтарының экономикалық даму әлеуетін анықтайды.

Геосаясат. Геосаясат негіздері: Геосаясаттың өзектілігі. Геосаясаттың мақсаты мен міндеттерін, зерттеу пәнін түсіндіреді; Геосаясаттың негізгі категорияларын түсіндіреді; Негізгі геосаяси объектілер мен субъектілерді анықтайды; Қазақстанның геосаяси жағдайына кешенді баға береді.

Елтану. Дүниежүзі елдері. Саяси картаның сандық және сапалық өзгерістерін талдау; дүниежүзін аймақтарға аудандастыру қажеттілігін аргументтер келтіріп түсіндіру; елдерді басқару формасы және мемлекеттік құрылымы бойынша топтастыру; елдердің саяси-географиялық жағдайына баға беру.

Адамзаттың ғаламдық проблемалары. Ғаламдық проблемаларды шешу. Адамзаттың дамуындағы проблемаларын топтастырады; Ғаламдық проблемалардың критерийлерін анықтайды; Ғаламдық проблемаларды шешу жөнінде әлемдік тәжірибені зерттейді. Қазақстанның аумағында көрініс тапқан ғаламдық проблемаларды анықтайды.

5. Тесттің бір нұсқасындағы тест тапсырмаларының қиындығы: тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: базалық деңгейде (А) – 26 %; орташа деңгейде (В) – 60 %; жоғары деңгейде (С) – 14 %.

Базалық деңгейдегі тест тапсырмалары қарапайым білім мен дағдыларын пайдалануға, тестіленушінің ең төменгі дайындық деңгейіне баға беруге, белгілі бір нұсқаулардың көмегімен әрекеттерді орындауға, қарапайым дәлелдер мен ұғымдарды пайдалануға негізделген.

Орташа деңгейдегі тест тапсырмалары негізгі білім мен дағдыларын дұрыс пайдалануға, жаңа жағдайларда қарапайым модельдерді тануға, деректерді талдау мен салыстыруға, жүйелеуге, дәлелдерді қолданып, ақпаратты жалпылау мен қорытынды жасау қабілеттерін бағалауға негізделген.

Жоғары деңгейдегі тест тапсырмалары неғұрлым күрделі білім мен дағдыларын пайдалануды, тапсырмалардың күрделі модельдерін тануды, мәселелерді шешу үшін білім мен дағдыларын біріктіруді, күрделі ақпаратты немесе деректерді талдауды, пайымдауды, тұжырымдарды негіздеуге бағытталған.

6. Тест тапсырмаларының формасы: Бір дұрыс жауапты таңдауға арналған жабық формадағы тест тапсырмалары.

7. Тест тапсырмаларын орындау уақыты: Бір тапсырманы орындаудың орташа ұзақтығы 1,5 – 2 минутты құрайды.

8. Бағалау:

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін – 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі.

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».

2. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / А. Егорина, С. Нүркенова, Е. Шими́на. – Алматы: Атамұра, 2017.

3. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімді. / Р. Қаратабанов, Г. Куанышева, Ж. Байметова, К. Джаналеева. Алматы: кітап, 2019.

4. Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық / Ш. Толыбекова, Г. Головина, С. Козина. Алматы: Мектеп, 2017. – 248б.

5. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық / С. Әбілмәжінова, Каймулдинова К. Алматы: Мектеп, 2018. -256 б.

6. Жалпы білім беретін мектептің 8-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімді. / Р. Қаратабанов, Г. Куанышева, Ж. Байметова, К. Джаналеева. Алматы: кітап, 2019.

7. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімді. / Толыбекова Ш.Т., Головина Г.Е., Козина С.С. Алматы: Мектеп, 2019. – 192 б.
8. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімді. / В.В. Усиков, А.В. Егорина, А.А. Усикова, Г.Б. Забенова. Алматы: Атамұра, 2019. -256 б.
9. Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2 бөлімді. / Р.Ә. Қаратабанов, А.А. Саипов, Б.Х. Балғабаева, Қ.Т. Сапаров. Алматы: Алматыкітап баспасы, 2019. – 240 б.
10. Жалпы білім беретін мектептің 10-сыныбына арналған оқулық / С. Әбілмәжінова, Каймулдинова К. Алматы: Мектеп, 2019. -288 б.
11. Жалпы білім беретін мектептің 11-сыныбына арналған оқулық / Каймулдинова К. Алматы: Мектеп, 2019. -256 б.

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігінің
Орта білім беру комитеті



(қолы) (Т.А.Ә)
« 13 » 02 2023 ж.







